

Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 10 қазандағы N 975 Қаулысы

2006-2007 жылғы қысқы кезеңде Шығыс Қазақстан облысы Семей қаласының тыныс-тіршілігін қамтамасыз ететін объектілердің орнықты жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігіне 2006 жылға арналған республикалық бюджетте шұғыл шығындарға көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен Шығыс Қазақстан облысының әкіміне аудару үшін жылумен жабдықтау объектілерінде жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізуге 400000000 (төрт жүз миллион) теңге сомасында және 2006-2007 жылғы жылыту кезеңіне отынның нормативтік қорын жасауға 330000000 (үш жүз отыз миллион) теңге сомасында жалпы сомасы 730000000 (жеті жүз отыз миллион) теңге мақсатты трансферттер бөлінсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі